ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 қараша №2301-24-00-2/3193 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
алдын-ала сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Kerbez» Аккербез Маханбетияровна Пулатова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.Мендигалиева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 19 қыркүйекте мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №52 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Конференциялар, форумдар, семинарлар, конкурстар, корпоративтік, спорттық, мәдени, мерекелік және балама іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер» көрсетуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 4 622 000 теңге, орындау мерзімі – Шарт күшіне енген күннен бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша.

Талап қоюшымен өтінім 2024 жылғы 30 қыркүйекте берілген, алайда жауапкермен шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, қызмет көрсетілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, жауапкер талап қоюшыға мерекелік іс-шара – концерт ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер көрсетуге міндеттенген.

Алайда, шартта көрсетілген мерзімде міндеттеме орындалмаған.

Сот отырысында зерттелген «Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония» КМҚК-ның басшысымен бекітілген «Атырау-ардақты өлкем» атты эстрадалық ән орындаушылар арасында Республикалық конкурстың Техникалық ерекшелігіне сәйкес:

Іс-шараның мақсаты: концерттік бағдарламалары.

Қызмет көрсетудің жалпы сипаттамасы және қойылатын талаптар:

Құжатқа қол қойылған: Дәуренова О. Ш., 19.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.12.2024, судья Дәуренова О. Ш., 24.12.2024

2301-24-3-1/3425

1.1.Қызмет көрсетуші іс-шара өтетін күннен 15 жұмыс күні бұрын Тапсырыс берушімен келісе отырып қызмет көрсету кестесін ұсынады.

1.2 Қызмет көрсетуші тапсырыс берушімен келісе отырып шараға төмендегі қажетті үлестірме материалдарын көрсетілген мекен-жайға (Атырау облысы, Атырау қаласы, Махамбет көшесі, 115 үй, «Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны) жеткізуге тиіс.

Өтетін орны мен уақыты:

Облыстық халық шығармашылық орталығының залы; 16 қазан 2024 жыл сағат 10:00-де.

Махамбет Өтемісұлы атындағы қазақ Драма театрының концерттік залы. Атырау қаласы, 17 қазан 2024 жыл сағат 15.00-де.

Талап қоюшымен ұсынылған құжаттардан көрінгендей, электрондық мемлекеттік сатып алу порталы арқылы талап қоюшымен жауапкерге 2024 жылғы 30 қыркүйекте өтінім жолданып, онда араларындағы мемлекеттік сатып алу бойынша жасақталған келісім-шартының 4 тармағына және талап етілетін техникалық ерекшелікке сәйкес жұмыс барысын қамту мақсатында 01.10.2024 жылы Атырау облыстық Н.Жантөрин атындағы облыстық филармонияға келуді өтінген.

2024 жылғы 8 қазанда №01-06/265 хатымен талап қоюшы 2024 жылғы 01 қазанға шақырылғанға қарамастан келмегендерін айтып, шартты бұзатындарын және сотқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану тралы талаппен жүгінетіні туралы жазған.

2024 жылғы 15 қазанда жауапкермен №1 жауап-хат жолданып, онда 2024 жылғы 02 қазанда өкілін жібергендігін, шартты бұзбауды сұрап, қызметті көрсететіндігін жазған.

Алайда, талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, аталған концертті өз күштерімен, өздерінің жеке қаражаттарын жұмсау арқылы жүргізіп шыққандарын, нәтижесінде мекеме басшысының сөгіс алғандығын айтты.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Дауренова О. Ш., 19.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.12.2024, судья Дауренова О. Ш., 24.12.2024

2301-24-3-1/3425

Талап қоюшы «Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Kerbez» Аккербез Маханбетияровна Пулатованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Kerbez» Аккербез Маханбетияровна Пулатова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Kerbez» Аккербез Маханбетияровна Пулатовадан «Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төлеген сот шығыстары өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Жұмаққа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 19.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.12.2024, судья Даурешова О. Ш., 24.12.2024

2301-24-3-1/3425